



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 4 мамыр

### ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматовтың ХВҚ делегациясымен кездесуі өтті

Бүгін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ. Пірматов Халықаралық Валюта Қоры Таяу Шығыс және Орталық Азия елдері департаментінің директоры Джихад Азурмен кездесу өткізді.



Кездесу барысында қаржы нарығындағы ахуал және экономиканың даму перспективалары, сондай-ақ Қазақстандағы экономикалық белсенділікке әсер ететін факторлар талқыланды.

Ғ. Пірматов сыртқы экономикалық конъюнктураның 2016 жылдың соңында тұрақтануы және үкіметтің Қазақстан экономикасын ынталандыру жөніндегі дағдарысқа қарсы кеңейтілген шаралары ішкі және сыртқы күйзелістердің жағымсыз ықпалын жұмсартуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Ол сонымен бірге экономикалық ахуалдың жақсаруына еліміздің валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтануы ықпал еткенін атап өтті.

Ұлттық Банк басшысының орынбасары төмен инфляциялық күтулер, тұрақтылықтың артуы және ішкі ақша және валюта нарықтарындағы ахуалды алдын ала болжауға болатындығы аясында Қазақстанда инфляцияның төмендеуі күтілетіндігін атап өтті. «Ұлттық Банктің болжамы бойынша жылдық инфляция 2017 жылы 6-8% нысаналы дәлізінде болады, ал 2018 жылы 5-7% нысаналы дәлізге біртіндеп кіре бастайды», – деді ол.

Өз кезегінде, Д.Азур мұнайдың және биржалық тауарлардың әлемдік бағаларының соңғы бірнеше жылда күрт төмендеуі жағдайында Қазақстанның қабылдаған шараларының сәтті болғанын, сондай-ақ икемді айырбастау бағамы саясатына қолдау көрсету және инфляцияны бақылауда ұстау үшін ақша-кредит саясатының негіздерін нығайту бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет екенін айтты.

Іс-шараны аяқтай келе тараптар өзара тығыз әрекеттесу мен ақша-кредит және валюта саясатының мәселелері бойынша екіжақты консультациялар жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Ғ.Пірматов Алматы қаласында өткізілген Халықаралық Валюта Қорының «Аймақтық экономиканың даму перспективалары: Кавказ және Орталық Азия» көктемгі бюллетенінің таныстырылымы және баспасөз конференциясына қатысты.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)